

Қ А У Л Ы
Өтініш хатты қанағаттандыру туралы

Мырзакент кенті

«30» «сәуір» 2025 жылы

Мақтарал АПБ-нің аға тергеушісі полиция капитаны Д.Жаксылық, №255143031000056 санды қылмыстық істің материалдарын қарастырып,

А Н Ы Қ Т А Д Ы М:

Мақтаарал АПБ-нің өндірісіндегі 255143031000006 санды қылмыстық іс бойынша тергеп тексеру барысында М.Б.Е азаматтың ұялы телефонын қарап тексеру барысында ватсап әлеуметтік желісіндегі «Атакент Бауырлар» және «Бауырлар» тобына А.Е.К, Г.Ф.А есімді азаматтар адамдар тобы болып әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, тектік-топтық немесе діни алауыздықты қоздыратын аудио және бейнежазбаларды жариялағаны анықталды.

Аталған жәйіт бойынша Мақтаарал АПБ-мен ҚР ҚК-нің 174-бабы 2-бөлігімен 28.02.2025 жылы №255143031000056 санды сотқа дейінгі тергеп-тексеру амалдары басталған.

30.04.2025 жылы Е. [REDACTED] адвокаттық қызметпен айналысуға №20015783 лицензиясы бар Алматы қалалық адвокаттар алқасының адвокаты Саржанов Галымжан Турлыбекович No ЗТ-2025-01434229 санымен е-өтініш порталы арқылы өтініш жазып түсірген.

Аталған өтініш хатта күдікті Е. [REDACTED] қылмыстық істі жан-жақты, толық және объективті қарау мақсатында қосымша жауап алуды,

21.04.2025 жылы №61 санды сарапшы қорытындысы сот сараптамасы және арнайы зеттреулер орталығының мамандарынан қорғаушының қатысуымен сұрау алуды – деп өтініш жазып көрсеткен.


Қорғаушы Саржанов Галымжан Турлыбековичтың талап тілегі сотқа дейінгі тергеп тексерудің объективті және жан-жақты жүргізілуіне кедергі болмауына байланысты қанағаттандыруға жатады.

Жоғарыда көрсетілгендердің негізінде, ҚР ҚПК-нің 67, 66 және 198 баптарын басшылыққа ала отырып,

Қ А У Л Ы Е Т Т І М:

1. №255143031000056 санды қылмыстық іс бойынша Саржанов Галымжан Турлыбекович ЗТ-2025-01434229 санымен түсірген өтініш хаты қанағаттандырылсын.
2. Қаулының көшірмесін Мақтаарал аудан прокурорына жолдансын.
3. Қабылданған шешім жайлы мүдделі адамдарға хабарлансын.

Мақтаарал АПБ-нің аға тергеушісі
полиция капитаны



Д.Жаксылық